



[1]

- Соңғы 10 жылда ҚР ЖІӨ және жан басына шаққандағы ЖІӨ өсу қарқынының оң үрдісіне ие болды және орта есеппен сәйкесінше 5,4% және 3,9% құрады. Еңбек өнімділігі орта есеппен жылына 3,8% өскен. Сонымен бірге, осы көрсеткіштердің мәні дамыған елдермен салыстырғанда әлі де төмен. Елдегі адами капиталды, оның ішінде білім беру саласын айтарлықтай дамытудағы инвестициялау макроэкономикалық көрсеткіштерді одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.
- ҚР білім беру саласына бөлінетін мемлекеттік шығыстардың үлесі 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі мерзімде ЖІӨ-нің 3,5-4% диапазонында болды. Бұл көрсеткіш Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) елдері бойынша орташа көрсеткішпен (5,5%) салыстырғанда, әлі де төмен болып қалып отыр. Білім беру саласына мемлекеттік шығыстардың үлесін ЭЫДҰ мәніне дейін жеткізу керек.
- Үй шаруашылықтары мен халықтың білім беруге жұмсайтын шығыстары орта есеппен бүкіл қаржы шығыстарының небәрі 3,5% құрады. Соңғы 3 жылдың ішінде «мектепке дейінгі білімнің төлемақысы», «тамақтануға кететін шығыстары», «жоғары білім беру төлемақылары» тәрізді атаулар бүкіл шығыстың 60% астам үлесін құрады және іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Қала тұрғыны, ауыл тұрғынына қарағанда, білімге 1,5% артық қаржы жұмсаған.
- 2015 жылы білім беру саласы қызметкерлерінің еңбекақысы республика бойынша орташа жалақының 62% құрады (ЭЫДҰ – 78% жоғары). Ең төмен жалақыны мектепке дейінгі білім беру саласының мұғалімдері алды (41%). Мұғалімдердің біліктілік деңгейін және жалақысын жоғарылату үшін мансаптық өсудің жаңа жүйесін құру керек.

- ҚР еңбек нарығының көрсеткіштері өткен бесжылдық кезеңінде халықтың экономикалық белсенділігінің және жұмыспен қамтудың салыстырмалы шамалы ауытқуларына қарамастан, тұрақты болды. Жұмыссыздық пен жастар жұмыссыздығының көрсеткіштері (5,0% және 4,1%) ЭЫДҰ мемлекеттерімен салыстырғанда (6,8% және 15,1%) төмен. ҚР-ның жұмыспен қамтылған халқының негізгі үлесі – жоғары білімі (35,6%) және орта кәсіптік білімі (33%) бар мамандар. Сонымен бірге, 5 жылдың ішінде жұмыссыздардың арасында жоғары білімі бар мамандар үлесінің 5%, орта кәсіптік білімі бар мамандар үлесінің 6,9% (2011ж. 26,4%-дан 2015ж. 33,3%) өсуі және жалпы орта білімі бар жұмыссыздар үлесінің 8% (2011ж. 37%-дан 2015ж. 29%) кемуі байқалды. Осы үрдіс әлемдік тәжірибеге қарама-қайшы келеді, жоғары білім деңгейі жұмыссыздықтың төмендеуіне әкеп соғады. ЭЫДҰ мемлекеттерінде үшіншілік білімі бар адамдардың тек 5,1% ғана жұмыссыз болып табылады. Ал жалпы орта деңгейден төмен халық арасында жұмыссыздық 12,8% құрайды. ЭЫДҰ мемлекеттерінің үшіншілік білімі бар халқы жалпы орта білімі бар халықпен салыстырғанда 60% артық табыс табады. Дипломды жұмыссыздық үлесінің өсуін жою үшін ТжКБ және жоғары білімнің сапасын арттырудың кешенді іс-шараларын қолдану керек.
- ЭЫДҰ-ның PIAAC зерттеуінің деректері бойынша, білімнің жоғары деңгейі денсаулықтың жақсы болуына (10,8%) және айналасындағы адамдарға сенім білдіруге (15,9%), саяси өмірге (19,4%) және еріктілік қызметке (11,1%) көбірек араласуға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін мәліметтер PIAAC-2018 зерттеуіне қатысқаннан кейін белгілі болады.
- Көші-қон үрдістері адами капиталдың деңгейіне кері әсер етеді. Соңғы 5 жылда жоғары және техникалық және кәсіптік білімі бар Қазақстанға көшіп келген мамандарға қарағанда, Қазақстаннан 40 мыңнан артық маман көшіп кеткен. Дипломы бар мамандардың жыл сайын ҚР-дан көшіп кетуі мемлекеттің әлеуетті кемшілігі – ЖІӨ-нің 0,03-0,04% жоғалтуға, яғни, шығынға әкеп соғады.
- 5 жылда Қазақстанда ел ішінде халықтың ең көп көшіп кетуі ОҚО (-4%) және Жамбыл облысында (-2,5%), ал келуі республикалық маңызы бар Астана (+10,5%) және Алматы (+7,1%) қалаларында тіркелді. Ішкі көші-қон механизмдерін «Серпін-2050» бағдарламасының үлгісінде жетілдіру керек.

Links

[1] http://iac.kz/sites/default/files/1454627470_411657722.jpg